

Жеке кәсіпкерлік саласындағы тексерілетін субъектілердің сырттай байқау рәсімін, оңалту рәсімін, конкурстық іс-жүргізуді өткізуін тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 10 маусымдағы № 304 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 23 маусымдағы № 183 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 13 шілдеде № 7062 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 20 мамырдағы № 237 және Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 21 мамырдағы № 144/НҚ бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 20.05.2014 № 237 және ҚР Өңірлік даму министрінің 21.05.2014 № 144/НҚ бірлескен бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 15-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Жеке кәсіпкерлік саласында тексеру парақтарының нысандары:
1) осы бұйрықтың 1-ші қосымшасына сәйкес сырттай байқау рәсімін жүргізуге;
2) осы бұйрықтың 2-ші қосымшасына сәйкес оңалту рәсімін жүргізуге;
3) осы бұйрықтың 3-ші қосымшасына сәйкес конкурстық іс-жүргізуді өткізуге бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті (Н.Д. Үсенова):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуін;
2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялануын;
3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қаржы вице-министрі А.М. Шоқыптовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі
_____ Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және сауда
министрінің міндетін атқарушы

_____ М. Құсайынов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 0 м а у с ы м д а ғ ы
№ 3 0 4 ж ә н е

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Э к о н о м и к а л ы қ д а м у ж ә н е
с а у д а м и н и с т р і н і ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 3 м а у с ы м д а ғ ы
№ 1 8 3 б і р л е с к е н б ұ й р ы ғ ы н а

1-қосымша

Нысан

Жеке кәсіпкерлік саласында сырттай байқау рәсімін өткізудің

ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

Тексерісті тағайындаған банкроттық саласындағы уәкілетті орган (Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті, Комитеттің аумақтық бөлімшесі немесе оның филиалы

Тексеруді тағайындау туралы акт _____
(№, күні)

Сырттай байқау әкімшісінің Т.А.Ә. _____

СТН _____

ЖСН/БСН (болған жағдайда) _____

Мекенжайы, орналасқан жері _____

| № | Талаптар тізбесі | Бұзушылық туралы белгі | |
|---|--|------------------------|---------------|
| | | анықталғаны | анықталмағаны |
| 1 | | 2 | 3 |
| 1 | "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-тармағына сәйкес кредит берушілер комитетінің құрамын қалыптастыру | | |
| 2 | "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 41-7-бабында көзделген борышкерден оның міндеттерін орындауын талап ету | | |
| 3 | Борышкерге қатысты өз іс-әрекеттерін кредит берушілер комитетімен келісу | | |

| | | | |
|---|--|--|--|
| 4 | Сырттай байқау рәсiмiнде әдейi және (немесе) жалған банкроттық белгiлерi анықталған жағдайларда құқық қорғау органдарына хабарлау немесе борышкерден оның қаржылық жағдайын нашарлатқан мүлiктi иелiктен айыру жөнiндегi мәмiлелердi жарамсыз деп тануын талап ету | | |
| 5 | Борышкерден дебиторлық берешектi өндiрiп алу жөнiнде шаралар қолдануын талап ету | | |
| 6 | Уәкiлеттi органның сұрауы бойынша оған сырттай байқау рәсiмi бойынша қажеттi ақпарат беру | | |
| 7 | Сырттай байқау кезеңi аяқталғаннан кейiн кредит берушiлер комитетiмен және уәкiлеттi органмен келiсiлген , борышкердiң төлем қабiлетiн қалпына келтiру мүмкiндiгi және оған қатысты оңалту рәсiмiн қолдану туралы не борышкердi банкрот деп тану туралы қорытындысы бар өз қызметi туралы есептi сотқа табыс ету | | |

Уәкiлеттi органның лауазымды тұлғасы (-лары):

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (Т.А.Ә)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (Т.А.Ә)

Сырттай байқау әкiмшiсi:

_____ (Т.А.Ә.) _____ (қолы)

Тексеру парағының жасалған күнi: "___" _____ 20 ж.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р i н i ñ

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 0 маусымдағы

№ 3 0 4 ж ә н е

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Э к о н о м и к а л ы қ д а м у ж ә н е

с а у д а м и н и с т р i н i ñ

м i н д е т i н а т қ а р у ш ы н ы ñ

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 3 маусымдағы

№ 1 8 3 б i р л е с к е н б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымша

Нысан

Жеке кәсiпкерлiк саласында оңалту рәсiмiн өткiзудiң ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

Тексерiстi тағайындаған банкроттық саласындағы уәкiлеттi орган (Дәрменсiз борышкерлермен жұмыс комитетi, Комитеттiң аумақтық бөлiмшесi немесе оның ф и л и а л ы)

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Оңалтушы басқарушының Т.А.Ә. _____

СТН _____

ЖСН/БСН (болған жағдайда) _____

Мекенжайы, орналасқан жері _____

| № | Талаптар тізбесі | Бұзушылық туралы белгі | |
|---|--|------------------------|---------------|
| | | анықталғаны | анықталмағаны |
| | 1 | 2 | 3 |
| 1 | Уәкілетті орган оны тағайындаған күннен бастап он күн мерзімде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрғылықты жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында борышкерге оңалту рәсімін қолдану және кредит берушілердің талаптарын білдіру тәртібі туралы хабарландыруды мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялау | | |
| 2 | Уәкілетті органмен келісілген және кредит берушілер комитетімен жасалған келісімнің талаптарын орындау | | |
| 3 | Әкімшілік шығындар сметасында көзделген ақша қаражатын артық және мақсатсыз жұмсауды болдырмау | | |
| 4 | Дәрменсіз борышкердің оңалту жоспарын орындау | | |
| 5 | "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында көрсетілген, оларды анықтаған немесе сот тәртібімен мүлікті қайтару туралы жағдайларда жасалған мәмілелерді жарамсыз деп тануды талап ету | | |
| 6 | Кредит берушілердің талаптарының тізілімін жүргізу және қалыптастыру | | |
| 7 | Уәкілетті органның және басқа да мүдделі органдардың келісімімен оңалту жоспарына енгізілген өзгерістерді сотқа жолдау | | |
| 8 | Егер борышкердің оңалту рәсімін енгізгеннен кейін туындаған ақшалай міндеттемелерінің жалпы сомасы оңалту рәсімін енгізген кездегі несиелік берешектің жалпы сомасының жиырма пайызынан асса, борышкердің ақшалай жаңа міндеттемелерін туғызатын мәмілелерді кредит берушілер комитетімен келісу | | |
| 9 | Қорытынды есепті дайындау және оны уәкілетті органға келісу үшін заңнамаларда белгіленген мерзімде (оңалту рәсімінің аяқталуына 30 жұмыс күнінен кешіктірмей) және нысанда ұсыну | | |

Уәкілетті _____ органның _____ лауазымды _____ тұлғасы _____ (-лары):

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә)

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә)

Оңалтушы басқарушы:

(Т.А.Ә) (қолы)

Тексеру парағының жасалған күні: "___" _____ 20 ж.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2011 жылғы 10 маусымдағы

№ 304 және

Қазақстан Республикасы

Экономикалық даму және

сауда министрінің

міндетін атқарушының

2011 жылғы 23 маусымдағы

№ 183 бірлескен бұйрығына

3-қосымша

Нысан

Жеке кәсіпкерлік саласында конкурстық іс-жүргізуді өткізудің ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

Тексерісті тағайындаған банкроттық саласындағы уәкілетті орган (Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті, Комитеттің аумақтық бөлімшесі немесе оның филиалы)

Тексеруді тағайындау туралы акт _____
(№ , күні)

Конкурстық басқарушының Т.А.Ә. _____
СТН _____

—
ЖСН/БСН (болған жағдайда) _____
Мекенжайы, орналасқан жер _____

| Р/с № | Талаптар тізбесі | Бұзушылық туралы белгі | |
|-------|---|------------------------|---------------|
| | | анықталғаны | анықталмағаны |
| | 1 | 2 | 3 |
| 1 | Уәкілетті органмен тағайындалған күннен бастап бір апта мерзімінде статистика бойынша мемлекеттік уәкілетті органның аумақтық | | |

| | | | |
|----|--|--|--|
| | бөлімшесіне заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы соттың шешімін ұсыну | | |
| 2 | "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес, тағайындалған күннен бастап он күннен аспайтын мерзімде кредит берушілер комитетінің құрамын қалыптастыру | | |
| 3 | Уәкілетті органмен тағайындалған күннен бастап он күннен аспайтын мерзімде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкер тұрғылықты жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында борышкерді банкрот деп тану туралы және кредит берушілердің нарық талаптарының тәртібі туралы хабарландыруды мемлекеттік және орыс тілдерінде уақытында жариялау | | |
| 4 | Қазақстан Республикасындағы заңнамаларға сәйкес банкроттың қызметкерлеріне алдағы уақытта еңбек шарты бұзылатыны туралы ескерту | | |
| 5 | "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1-тармағында көрсетілген мерзімдерге сәйкес өткізілетін кредит берушілер комитетінің алғашқы отырысының уақыты мен орнын барлық кредиторлар комитетінің құрамын ескерту | | |
| 6 | Кредит берушілер комитетімен бекітілген келісімнің талаптарын орындау | | |
| 7 | Түгендеу жүргізу | | |
| 8 | Әдейі немесе жалған банкроттық белгілерін анықтаған жағдайда құқық қорғау органдарына хабарлау | | |
| 9 | "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында көрсетілген, оларды анықтаған немесе сот тәртібімен мүлікті қайтару туралы жағдайларда жасалған мәмілелерді жарамсыз деп тануды талап ету | | |
| 10 | Борышкерді банкроттыққа жеткізген жауапты тұлғаларды (лауазымды тұлғаларды, борышкердің қатысушыларын (құрылтайшыларды) анықтау және сотқа шағымдану | | |
| 11 | Борышкер алдында берешегі бар тұлғаларға қатысты заңда белгіленген тәртіппен кредиторлардың талаптарын орындау үшін олардан өндіру | | |
| 12 | Кредиторлар талаптарының тізілімін жүргізу | | |
| 13 | Борышкерді банкрот деп тану және тарату туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен төрт айдан кешіктірмей уәкілетті органға кредиторлар талаптарының тізілімін қарауға және бекіту үшін жолдау | | |
| 14 | Кредиторлар комитетімен бекітілген және уәкілетті органмен келісілген мүлікті сату жоспарына сәйкес сатуды жүргізу арқылы талаптарды ескере отырып, борышкердің мүлкін сатуды жүзеге асыру | | |
| 15 | Сатуды жүргізу туралы ақпараттық хабарландыруды жариялаудың тәртібін қадағалау | | |
| 16 | | | |

| | | | |
|----|---|--|--|
| | "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 76-бабына сәйкес кредиторлармен есеп айырысуды жүргізу | | |
| 17 | "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 103-4-бабына талаптарына сәйкес конкурстық өндірісті жүргізу мерзімін қадағалау | | |
| 18 | "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 72 және 76-баптарына сәйкес ұсынылған кредиторлар талаптарын мерзімінде қарау | | |
| 19 | Уәкілетті органның сұратуы бойынша конкурстық өндіріс бойынша ақпаратты табыс ету | | |
| 20 | Әкімшілік шығындар сметасында қарастырылған ақша қаражатын артық және мақсатсыз жұмсауды болдырмау | | |
| 21 | Қорытынды есепті дайындау және оны уәкілетті органға келісу үшін заңнамаларда белгіленген мерзімде (конкурстық өндірістің аяқталуына 30 жұмыс күнінен кешіктірмей) және нысанда ұсыну | | |
| 22 | Сот қорытынды есепті бекіткеннен кейін банкрот деп танылған кәсіпорынның банктік шоттарын жабуға, салық органына салық төлеуші куәлігінің және қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің (олар бар болса) бланкілерін тапсыру | | |

Уәкілетті органның лауазымды тұлғасы (-лары):

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (Т.А.Ә)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (Т.А.Ә)

К о н к у р с т ы қ б а с қ а р у ш ы :

_____ (Т.А.Ә.) _____ (қолы)

Тексеру парағының жасалған күні: " __ " _____ 20 ж.